У 2015
697 к

**Кенжебай Бекпаев**

# СЫР БОЙЫ

Романстар





Кенжебай Бекпаев

# СЫР БОЙЫ

Романстар

Астана 2012

УДК 78
ББК 85.31
Б 39

**Кенжебай Бекпаев**
**Б 39** Сыр бойы:Романстар.- Астана: «Мастер По» ЖШС, 2012- 23 б.

ISBN 978-601-7364-30-4

Кенжебай Бекпаев - танымал Қазақстан композиторы. Оның 16 жинақ болып жарыққа шыққан әндері мен романстары Ресей және Қазақстан ақындарының сөздеріне жазылған. Композитордың туындылары табиғаттың сұлу бейнелері мен адам өмірінің жарқын кезеңдерін суреттеуге арналған. Сондықтан ол, көбінесе, лирикалық, кей кездерде лирикалық-драмалық бағытты ұсынады.

Композитордың әндері мен романстарының музыкалық тілі қарапайым әрі ұғынықты, сол арқылы тыңдармандарға ерекше әсер қалдырады. Әндердің фортепианолық сүйемелдеуі әуенді қолдап қана қоймай, кей жерлерде композитордың ойы мен ішкі сезімдерін толықтырып отырады.

К.Бекпаевтың бұл жолы ұсынып отырған жинағы төрт романстан тұрады. Олар көрнекті қазақ ақындары Қасым Аманжоловтың («Айтшы, жаным»), Фариза Оңғарсынованың («О дүнис-ай, оралды көктемдерім»), Сағи Жиенбаевтың («Дүние қалдырмады көштен мені») және Әбдікәрім Ахметовтың («Сыр бойы») сөздеріне жазылған.

Композитор «Дүние қалдырмады көштен мені» романсын «Баллада стилінде» жазылған деп белгілейді. Расында да, бұл шығарма өзінің асықпай жүретін «баяндау» мәнерімен баллада жанрын еске салады. «Сыр бойы», «О дүние-ай, оралды көктемдерім» романстары лирикалық әсем әуендерімен әсер қалдырса, «Айтшы, жаным» романсы өзінің ерекше, жарқын музыкалық мәнерімен көзге түседі.

Қазіргі кезде К.Бекпаевтың жарыққа шыққан әндері мен романстары концерт сахналарында орындалуымен қатар музыкалық оқу орындарында барынша қолданылып келеді. Солар сияқты композитордың қазіргі ұсынып отырған романстары да кәсіби әншілердің репертуарына еніп, жалпы музыка сүйер қауымның көңілінен шығады деп сенуге болады.

Өнертану ғылымдарының кандидаты,
Қазақ ұлттық өнер университетінің профессоры,
Қазақстан композиторлар одағының мүшесі — П.Шегебаев

№ Б.Н.

УДК 78
ББК 85.31

ISBN 978-601-7364-30-4

© К. Бекпаев, 2012

# Дүние қалдырмады көштен мені

Сөзі:
Сағи Жиенбаевтікі




f
тал - пы-нып ба-ла ки-ял___ төс - ке өр-ле-ді.
Pno.
ff
ө - мір-ге кел-ге-нім жок___ күй - е - у бо-лып,
Pno.
f
ол ма - ған
Pno.


mp
те - - - ге - ші - мен төс бер - ме - ді.
Pno.
mf
mf
ол ма - ған
Pno.
mp
p
те - ге - ші - мен төс бер - ме - ді.
Pno.
mf


Pno.
Ped.
Pno.
Ped.
1, 2, 3.
1, 2, 3.
Pno.

# Дүние қалдырмады көштен мені

Дүние
 қалдырмады көштен мені,
Талпынып бала қиял төске өрледі,
Өмірге келгенім жоқ күйсеу болып,
Ол маған тегешімен төс бермеді.

Өстім мен Байсарының алабында
Күйдіріп башпайымды қара құмға.
Тотыққан маңдайымнан сипады күн,
Қалдырып ыстық табын жанарымда...

Қарамай гал бойыма тауды кездім,
Көп жүрдім көл бойында жалғыз өзім.
Табиғат сырларымен,
 жырларымен
Кеудеме құйсын дедім бар мінезін.

Құшағын кең дүние ашып тұрып,
Көшіпгін көңілімнің тасыттырып.
Жүрші деп жетелепті ой – қырына
Кішкентай жүрегімді ғашық қылып!..

# Сыр бойы

Сөзі:
Әбдікәрім Ахметовтікі




ой - ым. Тер-бе-ле - ді кө - кө-рім жас
Pno.
күрі - ріш - тей, шө-лір-кей - ді
Pno.
сол күрі-ріш-тей күн - де ой - ым.
Pno.


f
Көп бо-лып-ты а - у көр - ме-ге-лі Сыр бой - ын.
Pno.
f
Pno.
Pno.
mf
1, 2, 3.
1, 2, 3.


Pno.
f

## Сыр бойы

Көп болыпты-ау көрмегелі Сыр бойын,
Сырым десем тербеледі сырлы ойым.
Тербеледі көкөрім жас күріштей,
Шөліркейді сол күріштей күнде ойым.

Көп болыпты-ау болмағалы ауылда,
Сағынышым сыздайды омырауымда
Сағынышым Сыр суындай толқындап,
Сағынышым сарғайтады қауындай.

Сағынышым нар қамыстай сырнайлы,
Сыңғырлайды, суылдайды, тынбайды.
Балапандай ұясынан қараған
Аппақ мақта тағатымды ұрлайды.

Баламды ертіп жомарт жерге барайын,
Сыр бойына Қаратаудан қарайын.
Жайлауларын жайып тастап алдыма,
Өрісім деп күлімдесін ағайын.

# Айтшы, жаным!

Сөзі:
Қасым Аманжоловтікі

Назды сезіммен (♩ = c. 108)




айт-шы, айт - шы, жа-ным, бі - ліп ка-на ке-тей - ін,
Pno.
өл - сем да-ғы се - нің сал-ған се - нің сал-ған
Pno.
дер-тің-нен! Се - нің сал-ған дер-тің-нен!
Pno.


Pno.


1.
1.
Pno.

# Айтшы, жаным!

Айтшы, жаным, неге тайдың сертіңнен,
Айтшы, жаным, от шығарып бетімнен,
Айтшы, жаным, біліп қана кетейін,
Өлсем дағы сенің салған дертіңнен!

Айтшы, жаным, неден көңлің қалдырдым
Айтшы, жаным, не деп серттен тандырдым?
Айтшы, жаным, не жазыппын мен саған,
Неге мұнша жүрегімді жандырдың?

Айтшы, жаным, неге суыды жүрегің?
Айтшы, жаным, талды ма әлде білегің?
Айтшы, жаным, қысып, құшып сүйгенде,
Жанбады ма, болмады ма тілегің?

# О дүние-ай, оралды көктемдерім

Сөзі:
Фариза Оңғарсынованікі

Асықпай ♩ = 85




мін, се - нен өз - ге еш - кім - нің
Pno.
ff
жа - на-ры-нан ме - - - ні өр-тер от көр - ме -
Pno.
mf
дім. Дү - ни-е-ай, о - рал-ды көк-тем - ле -
tr
Pno.


1, 2, 3.
рім
1, 2, 3.
Pno.
f
mf
рім,
көк-тем -
f
- - де - рім!
Pno.
Pno.


Pno.
f

# О дүние-ай, оралды көктемдерім

О дүние-ай, оралды көктемдерім,
көктемдерім – өзіңнің өбкен демің.
Сенен өзге ешкімнің жанарынан
мені өртер от көрмедім.
О дүние-ай, оралды көктемдерім.

Жанарымды нұр шалмай көптен менің,
әрқайсысы ғасыр боп өткенде күн,
көңіл, көзім түспеді
                                        толып жүрген
жанымда көп пенде кім?
О дүние-ай, оралды көктемдерім.

Ұстап бүгін арманның нұр желегін,
тұрғандаймын үстінде күн - кеменің.
... Орындалса, арманның өлгені.
                                                                      Енді
мен қалай күн көремін?
О дүние-ай, оралды көктемдерім.

# Мазмұны


1. Дүние қалдырмады көштен мені....................................3
2. Сыр бойы.......................................................................8
3. Айтшы, жаным!...........................................................12
4. О дүние-ай, оралды көктемдерім..................................16


000001581842

*Аранжирлеуші*
Владимир Шевченко

Басуға 12.03.2012 жылы қол қойылды
Шартты баспа табағы 1,5
Таралымы 50 дана
Тапсырыс 30
«Мастер ПО» ЖШС басылды
010008, Астана қ., Пушкин көшесі, 15-76

КІТАП

СЫР БОЙЫ

020000 048572 020000